

Ембінің жедел штабы:  
басты мақсат –  
жұмысшылар қауіпсіздігі

Легендарный Кара-Чунгуль  
и первые разведочные  
работы на Эмбе

Мұнайшылар үшін  
спорт пен еңбек егіз

Тұмау: ауырып ем іздегенше,  
ауырмаудың жолын іздейік...

3

4-5

7

8

# Ембі ТЫНЫСЫ

№16 (56)

тамыз

2020 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

**Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.**

## Құрметті ембіліктер!

**Сіздерді мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!**

Қоғамның өркендеуіне қарқын қосып, Қазақстан халқының бірлігіне жол бастаған Ата Заңда бекітілген республикамыздың тұғырлы қағидаттары бүгінде өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Еліміздің Ата заңы уақыт сынынан сүрінбей өтіп, тарихи дамуымыздың жалпыұлттық бағдарын айқындауда басты мәнге ие болды, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге және Қазақстан қоғамын біріктіруге зор үлес қосты.

Конституцияның өзекті ережелеріне сүйене отырып, біз ел тағдыры үшін өмірлік маңызы бар жаңаруларды жүргіздік, құқықтық және демократиялық қоғамның негізін қаладық.

Отанымыздың табысты және серпінді дамуында, еліміздің қол жеткізген жетістіктерінде қазақстандық мұнайшылардың, соның ішінде, ембіліктердің қосқан үлесі зор екендігін мақтанышпен айтамыз.

«Ембімұнайгаз» компаниясы акционерлік қоғам

болып құрылған 2012 жылдан бастап 2020 жылдың бірінші жартыжылдығы аралығында республикалық және жергілікті бюджетке салық төлемдері ретінде 1 трлн. 177 млрд. теңгеден астам, өңірдің инфрақұрылымын дамытуға – 4 млрд. 600 млн теңгеден астам қаражат аударды.

Сонымен қатар, қазіргі күрделі кезеңде ембіліктер «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып», облыс халқына жан-жақты қолдау көрсетті. Бұл да – қиын кезеңде халық мүддесі жолында ұйысқан ұжымның ортақ үлесі.

Баршаңыздың дендеріңізге саулық, отбасыңызға амандық, ырыс-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін! Еліміз аман болсын!

**Ізгі тілекпен,  
«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма  
төрағасы Е. Қайыржан**

**«Ембімұнайгаз» АҚ – ҚР өндіруші компаниялары арасында  
1 тонна мұнайға салық төлеу бойынша көшбасшы**

«Казсервис» қауымдастығы Қазақстан Республикасындағы өндіруші компаниялардың салық төлемдеріне талдау жасады. 2019 жылы 1 тонна мұнайға **67 203** теңге салық төлемдерін аударған «Ембімұнайгаз» АҚ жылдың қорытындысымен салықтық төлемдер бойынша көшбасшы болды. Жалпы алғанда, Компания 2019 жылы **2 899 693** тонна мұнай өндірді.

Өткен жылы республикалық және жергілікті бюджетке салық төлемдері түрінде төленген салықтардың жалпы сомасы **194 867 653 774** теңгені құрады.



## KLPE және ТШО келісімге қол қойды

2020 жылғы 18 тамызда «Самұрық-Қазына» ҰАҚ АҚ Басқарма төрағасы Ахметжан Есімов және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев Атырау облысының өндірістік кәсіпорындарына іссапармен барды.

Іссапар барысында Қордың портфельдік компанияларымен жиналыс өткізіліп, онда басқа мәселелермен қатар Атырау облысындағы қуаты жылына 1,25 млн тонна полиэтилен өндіретін зауыт құрылысының жобасы талқыланды. Еске сала кетейік, бұрын жобаның серіктесі «Borealis» компаниясы болған еді. Алайда COVID-19 инфекциясының таралуы мен мұнайдың төмен бағасына байланысты туындаған жаһандық дағдарыстың салдарынан инвестицияларды шектеуге мәжбүр болған «Borealis» жобаның іске асырылуына қатыспау туралы шешім қабылдады. Соған қарамастан, Қор мұнай-газ химиясы саласын дамыту мақсатында «KLPE» ЖШС (ҚМГ басқаратын компания) арқылы жобаны іске асыруды жалғастыруда. ҚМГ жетекшілігімен жұмыс едәуір ілгеріледі. Атап айтқанда, ҚМГ ұсынаған технологиялық тәсілдің тиімділігі айқындалды.

Болашақ зауытқа шикізатты үздіксіз жеткізіп тұру

үшін қазіргі уақытта қуаты 9,7 млрд м³ Газ айыру қондырғысын (ГАҚ) жобалау жұмыстары жүріп жатыр. Аталған қондырғы этаннан құраақ газ алу үшін қажет. Мұндай кешен Қазақстанда бұрын-соңды болған емес. Газ айыру қондырғысы Теңіз кен орнының аумағында орналасады деп жоспарланып отыр. Бұл полиэтилен өндіретін зауытқа шикізатты жеткізу тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ең оңтайлы шешім болып табылады.

Бүгінгі таңда «Теңізшевройл» ЖШС-мен (ТШО) бірге Газ айыру қондырғысының техникалық-экономикалық негіздемесін (Pre-FEED) әзірлеу аяқталды.

«KLPE» ЖШС және ТШО арасындағы ГАҚ жобалау кезіндегі өзара іс-қимылдың негізгі талаптары жөніндегі келісім келесі кезеңге көшуді қарастырады – ол жобалау-сметалық құжаттаманы (FEED) әзірлеу. Келісімнің мақсаты ГАҚ жобалау кезінде KLPE және ТШО арасында өзара іс-қимылды бекіту болып табылады. Осындай ауқымды нысанның FEED жиынтығын әзірлеуді ТШО-ның қолдауымен отандық «KLPE» ЖШС жүзеге асыратын болады.

www.kmg.kz



## ҚМГ 2020 жылғы I жартыжылдықтағы өндірістік нәтижелері:

Қазақстанның интеграцияланған ұлттық мұнай-газ компаниясы ҚМГ 2020 жылғы бірінші жарты жылдықтағы өндірістік нәтижелерін жариялады.

**2020 жылғы бірінші жартыжылдық-тағы басты өндірістік көрсеткіштер:**

Мұнай және газ конденсатын өндіру деңгейі 3,1%-ға азайып, 11 345 мың тонна құрады.

Мұнай және газ тасымалдау сегментіндегі көрсеткіштер 4,2%-ға және 9,8%-ға азайып, 37 329 мың тонна мұнай және 45 172 млн м³ газды құрады.

Отандық және румын мұнай өңдеу зауыттарында көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі 17,1%-ға төмендеп, 8 290 мың тоннаны құрады.

мыңтоннаны (тәулігіне 125 мың баррель) және газ өндіру көлемі 4,0%-ға азайып, 1 571 млн м³ құрады. Мұнай мен газ өндіру көлемінің азаюына жоспарлы өндіруді қысқарту айтарлықтай ықпал етті.

Қашаған кен орнындағы мұнай өндіру 42,5%-ға дейін 673 мың тоннаға (тәулігіне 29 мың баррель) дейін өсті. Ілеспе және табиғи газды өндіру көлемі 46,0%-ға артып, 406 млн м³ құрады. Мұнай мен газды өндіру көлемі 2019 жылы күрделі жөндеу жұмыстарын сәтті жүргізу нәтижесінде артты. Бұл теңіз және жерүсті кешендерін пайдалану коэффициентін жоғарылатуға, айдау қорының 4 ұңғымадан 6 ұңғымаға дейін ұлғайтуға, мұнай технологиялық желілерінде қосымша ребойлерді орнатуға, сондай-ақ, жаңа ұңғымаларды пайдалануға беруге септігін тигізді. Қашаған кен орнында 2020 жылғы бірінші жартыжылдықтағы орта тәулікті жалпы өндіру тәулігіне 354 мың баррельді құрады.

Қарашығанақ кен орнындағы мұнай өндіру 5,2%-ға өсіп, 562 мың тоннаны (тәулігіне 24 мың баррель) құрады. Газ өндіру 1 044 млн м³ құрап, 2019 жылдың бірінші жартыжылдықтағы деңгейден 6,3%-ға жоғары болды. Осы кен орнындағы мұнай мен газ өндіру көлемінің өсімі 2019 жылдың қыркүйек-қазан айларында жүргізілген нысандарды жоспарлы алдын алу жөндеуден кейін Қарашығанақ өңдеу кешенінің (ҚӨК) өндірістік нысандарын және Газды кешенді дайындау қондырғыларын (ГҚДҚ-2 және ГҚДҚ-3) жаңғыртумен байланысты болды.

Операциялық активтердегі мұнай өндіру деңгейі 5,8%-ға 7 257 мың тоннаға (тәулігіне 289 мың баррель) дейін азайды. Ал газ өндіру 2,9%-ға өсіп, 1 300 млн м³ құрады. Операциялық активтерді мұнай өндіру деңгейінің төмендеуі негізінен Қазгермұнай және ПетроҚазақстан Инк кәсіпорындарында өндіру деңгейінің табиғи жолмен 29,6% және 22,9%-ға азаюына байланысты.

**Көмірсутек шикізатын сату:**

2020 жылғы бірінші жартыжылдықта ҚМГ өзі өндірген мұнай мен газ конденсатын сату көлемі өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 3,1%-ға азайып, 11 447 мың тоннаны құрады. Ал оның

72%-ы экспортқа шығарылды.

2020 жылғы бірінші жартыжылдықтәзі өндірген мұнайды ішкі нарыққа жеткізу көлемі 3 245 мың тоннаны құрады, соның ішінде мұнайды әрі қарай өңдеу және мұнай өнімдерін сатуға операциялық активтердің (Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз және Қазақтүрікмұнай) шикі мұнайының 1 696 мың тоннасы Атырау мұнай өңдеу зауытына (АМӨЗ) және Павлодар мұнай-химия зауытына (ПМХЗ) жеткізілді.

www.kmg.kz

### Хабарландыру Құрметті ембілік оқырмандар!

Жуырта Басқарма төрағасының 03.08.2020 ж. №312/п бұйрығымен корпоративті «Ембі тынысы» тынысы газетінің редакциялық алқа құрамы өзгертілген болатын (редакциялық алқаның жаңа құрамымен газеттің соңғы бетінен таныса аласыздар, - ред.).

Өздеріңіз білетіндей, тамыз айынан бастап басылым түрінде қайтадан шығатын корпоративті газеттің Медиа-жоспары аясында бірқатар өзекті тақырыптар көтерілмекші. Атап айтсақ, компанияның өндірістік нәтижелері, сәтті жүзеге асып жатқан жобалардың тиімділігі, энергия үнемдеу, қаржылық сауаттылық, әріптестердің қызықты тағдырлары, «Пайдалы кеңес» айдары және басқа да тақырыптар қамтылмақ.

Ұжымішілік байланысты нығайтатын тиімді құралдың бірі – корпоративті газеттің тұрақты шығуы. Осы орайда, бізбен еңбек ұжымдарыңыз, әріптестеріңіз туралы және басқа да қызықты әңгімелеріңізбен бөлісуге шақырамыз! Біз ұсыныстарыңызды күтеміз!

**Құрметпен,  
Редакциялық кеңес алқасы.**

Мұнайөндіру, мың тонна	6А 2020	6А 2019	%
Теңіз (20%)	2 852	2 992	-4,7%
Қашаған (8,44%)	673	472	42,5%
Қарашығанақ (10%)	562	535	5,2%
Өзенмұнайгаз (100%)	2 746	2 751	-0,2%
Маңғыстаумұнайгаз (50%)	1 526	1 579	-3,3%
Ембімұнайгаз (100%)	1 353	1 430	-5,4%
Өзгелер	1 631	1 946	-16,2%
Барлығы	11 345	11 704	-3,1%

Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ тамұнайды және табиғи ілеспе газды өндіру көлемі тиісінше, 4 088 мың тонна-ны (тәулігіне 179 мың баррель) және 3 021 млн м³ құрады. Бұл өткен жылдың осын-

дай кезеңіндегі көрсеткіштерден 2,2% және 4,3%-ға жоғары болды.

Теңіз кен орнында мұнай өндіру 2019 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 4,7%-ға қысқарып, 2 852



# ЕМБІНІҢ ЖЕДЕЛ ШТАБЫ: басты мақсат – жұмысшылар қауіпсіздігі

Жаһандық дағдарыс COVID-19 пандемиясы Қазақстанға жеткен кезде төтенше жағдай жарияланғаны белгілі. Аймақта коронавирус індетінің алғашқы белгісі пайда болған кезде-ақ Компания Атырау облысының әкімдігі мен мемлекеттік органдармен тығыз байланыс орната отырып, жедел штаб құрып, өз жұмысшыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы көшенді сақтық шараларын жүзеге асыруды дереу қолға алды. Бүгін біз Ембінің жедел штабының пандемия басталған кезден бергі атқарған жұмыстарына тоқталмақпыз.

Штаб құрамында жұмысшылардың қауіпсіздігін сақтай отырып, өндіріс үдерісін тоқтатпауға жауапты департаменттер мамандары бар.

## ПТР тест тапсыру – коронавирусты анықтаудың тиімді тәсілі

Мемлекеттік органдармен және Атырау облыстық жедел штабымен бірлесе отырып дайындалған алгоритмнің негізгі талаптарының бірі – вахтаға кірісетін жұмысшылар арасында міндетті ПТР-тестілеу сынағы ұйымдастырылды. COVID-19 инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында бүгінгі таңға дейін ПТР тестінен өткен қызметкерлер саны 8 045 (оның ішінде вахта сайын қайталанып өткенін қосып есептегенде).

Қазіргі таңда жедел штаб №37 қаулыға сүйене отырып жасалынған арнайы алгоритммен жұмыс жасауда.

Қабылданған алгоритмге сәйкес, компания нысандарына кіріп-шығу ПТР тестілеудің «теріс» нәтижесімен ғана жүзеге асады. «Оң нәтиже» көрсеткен қызметкерлер қажетті емін алып, жазылып шыққанша денсаулығына байланысты еңбекке жарамсыз болып табылады. Үйде оқшауланған жағдайда оқшаулану мерзімі аяқталған соң, қызметкер ПТР тестін кері тапсырып, «теріс» нәтиже болғанда ғана жұмысқа шығуға мүмкіндік алады.

Бүгінде вахта жұмысына кірісер алдында жергілікті жердегі жұмысшылар ПТР тестілеу сынағын тапсырғаннан кейін 5 күн бойы үйлерінде оқшауланады. Және кенішке жеткізетін тасымалдау көлігіне отырған кезде тепловизормен дене қызуы өлшенеді.

Ал, өзге аймақтарда тұратын жұмысшыларды ПТР-тестілеу әдісі сәл өзгешелеу. Олар вахтаға кіру үшін өз тұрғылықты жерлерінен тестілеуден өтіп, Атырауға келген соң кері ПТР-тест тапсырып, теріс нәтиже шыққанға дейін мамандандырылған оқшаулау орнында (Атырау қаласындағы қонақүйде) 5 күн карантинде болады. Ал жаңа вахта кен орындарындағы барлық нысандарға толық дезинфекция жасалғаннан кейін жұмысқа кіріседі.

Ембі аумағына кіргізу алдында мердігер мекемелер қызметкерлері де ПТР-тестілеуден өтеді. Атап айту керек, Компанияның және мердігер мекемелері барлық қызметкерлерін дертті анықтайтын тестілеумен ЕМГ өз қаражаты есебінен қамтамасыз етіп отыр.

## Алғашқы белгі: қандай шаралар қолға алынды?

11-мамыр күні елдегі төтенше жағдай режимі аяқталуына орай, Атырау облысының бас санитарлық дәрігерімен және өңірлік оперативтік штабпен келісіле отырып, 56 күндік вахта аяқталып, Компанияда жұмысшыларды ауыстыру туралы шешім алынды. Шешімнің аясында «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты басқармаларда вахта ауысу шаралары басталды. COVID-19 инфекциясын болдырмау мақсатында вахта жұмысына кірісетін барлық жұмысшыларға ПТР-тестілеу ұйымдастырылып, сынақтың қорытындысы бойынша 12.05.2020 күні «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бір қызметкерінде коронавирус



инфекциясының белгісі анықталды. Ол қызметкер бірден мамандандырылған стационарға карантинге жатқызылды. Яғни, вирус кен орны аумағына жіберілмеді. Бұл Ембі қызметкерлері арасында тіркелген алғашқы жағдай болды.

Алайда, төтенше жағдай режимі аяқталған кезде халық бөсеңсіп, аймақта карантин шаралары толыққанды сақталмай қалғаны жасырын емес. Осы кезеңде вахтааралық демалыстағы қызметкерлерді вахтаға кіргізер алдында жүргізілген тестілеуде бірқатар жұмысшылардан «оң нәтиже» анықталды. Сөйтіп, маусым айында COVID-19 инфекциясы 329 қызметкерде тіркеліп, шілдеде - 105, тамыз айында 10 қызметкерден ғана анықталды.

- Теңіз кен алаңында еңбек ететін жұмысшылардың жаппай ауруға шалдығуы салдарынан эпидемиологиялық жағдайы нашарлаған Жылыой ауданындағы «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ кен алаңдарында індет белгілері көп тіркелінді. Соның ішінде, басқармаға қарасты Терең-Өзек, Қисымбай кен орындары жұмысшыларының шамамен 40% коронавирус инфекциясын жұқтырғаны анықталды. Кейін індет белгісі орталық аппаратта да тіркеліп, қызметкерлерді 2 күнге қашықтықтан жұмыс жасау режиміне жіберіп, орталық кеңседе толықтай дезинфекциялау жұмыстары жүргізіліп, мамандар кері ПТР тестін тапсырып, жұмысқа кірісті. Араға уақыт салып, тапсырылған анализ қорытындыларымен бірқатар қызметкерлер симптомсыз ауру кезеңінен өтіп кеткені анықталды. Міне, сондықтан, біз дер кезінде дұрыс шешімдер қабылдап, дерттің кеңінен таралуына тосқауыл қоя білдік деп есептеймін.

Қазір жағдай тұрақталды. Дегенмен, санитарлық талаптар әлі де қатаң сақталуда. Жұмысшылар мәселенің

өзектілігін түсініп, сақтық талаптарына үйренді. Вахта мерзімін 14 күннен 28 күнге дейін ұзарту шешімі қабылданды. Бұл – өндіріс үдерісіне келетін қауіпті мейлінше азайту, мұнайшылардың денсаулығын сақтау мақсатында туындаған шешім. Осындай жұмыс кестесіне көшу 28 күн бойы кен алаңдарында тұрақты жұмысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Вахтааралық кезеңнің ұзақтығы бүгінгі пандемия жалғасып жатқан кезеңде жұмысшыларымыздың денсаулықтарына көбірек көңіл бөлуге жағдай жасайды.

Орталық кеңсе қызметкерлері үшін жұмыс уақыты түскі үзіліссіз 15.00-ге дейін болып бекітілді, ал 18.00-ге дейін қашықтықтан жұмыс жасап, 100%-дық еңбекақыларын алып отыр. Бұл шешімге не үшін келдік?

Облыстың санитарлық бас дәрігері қабылдаған Қаулыға сәйкес кеңседе асхана жұмысы тоқтатылды. Ал түскі үзілісте адамдар тамақтану үшін жақын маңдағы кафелерге барып, адамдар көптеп жиналатын орындарда болады. Бұл – қауіп. Сондықтан, аурудың таралуының алдын алу мақсатында 6,5 сағаттық жұмыс режимімен қызмет жүргізілуде.

Дезинфекция жұмыстарын жүргізу, COVID-19-ға қарсы сақтық шараларын сақтау талаптарына сай аудандық СЭС-мен бірігіп, мердігер мекемелерге нұсқамалар берілді. Бұл талаптар орындалмаған жағдайда олардың жұмыстарын уақытша тоқтату шаралары қолға алынууда. Мәселен, сақтық талаптарын сақтамаған «KazPetroTrans», «Azia incorporated» ЖШС қатысты осындай шаралар қолданды. Өйткені, мәселе басты құндылығымыз - жұмысшыларымыздың денсаулығы мен өмірі болғандықтан, салғырттыққа жол жоқ, аса байыптылық қажет, - дейді «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма

төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары, жедел штаб төрағасы Қанатбек Қасымғалиев.

Бүгінгі күнге дейін компания бойынша барлығы 501 қызметкер коронавирус дертіне шалдығып, оның 494-і сауығып шықты, 6 қызметкер (симптомсыз) үйде оқшаулануда. Яғни, соңғы апталарда ембіліктер арасында індетті жұқтыру көрсеткіші азайып отыр.

## Кеніштер штаттық режимде жұмысты жалғастыруда

Вахта құрамы «жұмыс тобы» және «ұйқыдағы топ» деп екі топқа бөлініп, өндіріс жұмысының үздіксіз жүруін назарда ұстауда. Бұл қадам жұмыс тобының мүшелерін оқшаулауға тура келген жағдайда демалыс тобының мүшелері орнын алмастыру мақсатында жасалып отыр. Сонымен қатар, «Ембімұнайгаз» АҚ мердігер компаниясы болып табылатын «Медикер өнеркәсіптік медицина» ЖШС жанынан арнайы мобильді бригада құрылған. Мұнда ПТР тесті тапсырылғаннан кейін сиптомды/симптомсыз белгілерін анықтау үшін эпидемиолог дәрігер қызмет етеді. Бұған қоса, сақтандыру жағдайында онлайн дәрігерлік кеңес, онлайн педиатриялық дәрігерлік кеңестер алуға мүмкіндік беретін Интертич медициналық орталығының қосымша байланыс орталығы да жұмыс жасайды.

- Өзіңіз байқап отырғандай, біз күрделі кезеңдерді бастап өткердік. ПТР-тесттері аймаққа жеткізілмей, өндірістің тоқтап қалу қаупі туындаған кезеңдер де болды. Осыған қарамастан уақытылы қабылданған шаралардың және біздің компанияның біріккен ұжымы арқасында бүгінде барлық кен орындар штаттық режимде қалыпты жұмыс істеп тұр.

Айта кететін жайт, ауырып қалған жұмысшылардың орнын алмастыру үшін бірқатар қызметкерлерді шебердің көмегімен тәжірибе жүзінде басқа қызметке үйреттік. Бұл – қалай да өндірісті тоқтатпау мақсатында қолға алынған шараның бірі. Осы орайда, кәсібилік таныта білген жұмысшыларға алғысымды білдіргім келеді, - деп атап өтті Қанатбек Махмұдұлы.

**P.S.** Айта кетейік, жұмысшылар қауіпсіздігін сақтау мақсатында 28 күндік жұмыс вахтасы жыл соңына дейін жалғасады. Өйткені, сарапшылардың айтуынша, күз айларында пандемияның екінші толқыны келуі ықтимал. Сонымен қатар, күн суып бастаған кезде тұмау секілді ауа арқылы тарайтын жұқпалы аурулар күш алатыны белгілі. Сондықтан, салауатты өмір салтын ұстанып, дұрыс тамақтанып, иммунитеттеріңізді көтеруді қазірден бастап қолға алған жөн.





В прошлом году, в канун празднования 120-летнего юбилея казахстанской нефти, мы запустили в ЕТ серию публикаций – исторических очерков о разработке первых эмбинских месторождений, подготовленных на основе архивных материалов. К сожалению, пандемия внесла коррективы в начатую исследовательскую работу по изучению богатого исторического наследия нефтяной Эмбы. Несмотря на обстоятельства, мы продолжаем нашу работу. Сегодня мы предлагаем вниманию наших читателей занимательные факты о разработке легендарной скважины №7 на структуре Карашунгул (в исторических документах - Кара-Чунгуль), первый фонтан на которой ознаменовал начало истории казахстанской нефти и другую познавательную информацию о первых разработках нефти в конце 19 века.

В №8 ЕТ от 24.04.2020 г. мы приводили подробное повествование горного инженера Кирпичникова, командированного в Зауральскую Киргизскую степь в 1874 году для исследования горных богатств. Однако прошло еще 12 лет, прежде чем на Урало-Эмбинский район вновь обратили внимание. На этот раз сюда был послан горный инженер Новаковский. Его оценка исследованных месторождений – Матенхожа, Джаныбек/Доссора/, Искине, Кара-Чунгул, была неопределенной. Его заключение относительно Доссора: «поимому худших качеств, источник Джаныбек по богатству уступает источнику Матеня (Матен-кожа). Кроме того, «в виду недостатка поблизости пресной воды и совершенного безлюдия местности, он не может иметь практического значения».

Несколько лет спустя, в связи с изысканиями в Туркестан, была предпринята еще одна возможность пересмотреть оценку здешних месторождений нефти. В 1892 г. Правление Рязано-Уральской железной дороги снарядило экспедицию в Зауральские степи и Усть-Урт, во главе которой был поставлен геолог Геологического комитета С.Н. Никитин. Экспедиция включала в свой состав для проведения разведочных работ на нефть горного инженера Ижицкого. Эта экспедиция для выяснения строения месторождений впервые применила разведочные работы. В район впервые были завезены буровые инструменты. Бурились первые скважины ручным способом, но скважины были весьма ничтожной глубины. На Доссоре Ижицкий пробурил 6 скважин, глубина каждой из которой не превышала 9,0 метров. На Иски-


не была задана всего одна скважина - 7,0 м глубиной, а на Кара-Чунгуле – пять скважин, глубиной от 6 до 7 м. Эти цифры демонстрируют, насколько мал был объем разведочных работ экспедиции.

Собранные экспедицией геологические данные показали, что для решения вопроса благонадежности нефтяных месторождений Зауральских степей необходимо провести более серьезные разведочные работы.

Тогда же, в 1892 году впервые в районе появились предпринимательские люди, сделавшие первые заявки для разведки нефти в Доссоре, а затем в 1894 г. – и на Кара-Чунгуле. В мае 1894 г. Комитетом Министров большая часть известных к тому времени месторождений была отдана в концессию Компании, состоящей из Грум-Гржимайло, Лемана и наследников Допельмайера. Концессией предоставлялось на три года исключительное право производства изысканий и разведки полезных ископаемых в шести Киргизских волостях Гурьевского уезда и в одной области тогдашнего Калмыковского уезда. Впоследствии срок концессии неоднократно удлинялся. В начале 1909 г. Компании была разрешена передача своих прав полностью иностранным обществам или частично лицам иностранного происхождения. В 1908 году Н.Н. Леману удалось заинтересовать в разведках Урало-Эмбинских месторождений Елабужского купца И.И. Стахеева и организовать Эмба-Каспийское Нефтяное Общество.

Наибольшие надежды внушала разведка Кара-Чунгуля и Каратона. На Кара-Чунгуле Леманом была пробурена 21 скважина. Глубина этих скважин колебалась от 38 м. до 235 м., но большее количество скважин отнесилось к числу неглубоких. **Легендарной скважине №7 приписывался дебит до 1 млн пудов нефти. В действительности на 13 ноября 1899 г., с глубины около 42 метров была получена нефть со значительным содержанием газа. Фонтанирование продолжалось 18 часов, а затем прекратилось. После чистки и углубления на 1,4 м. фонтанирование возобновилось с большей силой и продолжалось около 10 часов. В первый раз, по грубому подсчету, фонтан мог иметь суточную производительность 25 тонн нефти, а во второй – около 22 тонн нефти. Во второй раз фонтанирование было с перерывами. Перерывы были сначала через полчаса, а затем чаще. После углубления скважины еще на 3,5 м. забил более сильный фонтан, давший за два с половиной часа более 17 тн. нефти. После этого фонтанирование стало ослабевать. Нефть была удельного веса 0,828 при 20 градусах Цельсия.**

Полученный результат, вполне понятно, выдвинул Кара-Чунгуль и ближайшие к нему месторождения на первый план. Параллельно с Кара-Чунгулем, разведочные работы велись на ближайшем к берегу моря месторождении нефти – Каратон. Компанией Лемана сначала было пробурено 13 неглубоких скважин, общей глубиной около 240



## ЛЕГЕНДАРНЫЙ КАРА-ЧУНГУЛЬ И ПЕРВЫЕ РАЗВЕДОЧНЫЕ РАБОТЫ НА ЭМБЕ

м. Из этих скважин лишь 2 скважины 37 и 41 метров, остальные не превышали 20 м. Тем не менее каждая из этих скважин давала нефть в объеме до 0,05 тонны в сутки. Кроме того, Леманом было пробурено 7 более глубоких скважин, из которых скважина №1 достигла глубины 355 метров, а скважина №5 – 179 м. Эти более глубокие скважины давали небольшое количество нефти 0,05-0,17 тн. в сутки, или обнаруживали только признаки нефти. Из скважины №6 с глубины 40 м. нефть переливалась через край трубы. В 1908 г. когда при участии И. Стахеева было образовано «Эмба-Каспийское» общество, на Каратоне было пробурено еще 8 скважин. На более глубокая из этих скважин достигла глубины 165 м. и встретила нефть на разных глубинах. А скважина №6 давала с глубины 57 м. нефть в количестве 0,2 тонны в сутки.

Большое внимание вначале своих разведочных работ Эмба-Каспийское общество уделило разведке Искине. На северо-западном берегу сора этого месторождения было пробурено 10 скважин глубиной 27-65 м. и одна скважина была пробурена

на южном берегу сора. Скважина №5, глубиной всего 22 метра, обнаружила нефтяную залежь и вначале давала до 10 тонн нефти в сутки. Дебит этой скважины скоро упал до 2,3 тонны, а через полтора месяца был всего 1,7 тонн в сутки. Шесть скважин из одиннадцати также встретили нефть, но дебит этих скважин был небольшой. Скважина №1 была доведена впоследствии до глубины 254-360 м. и по некоторым данным, перестала фонтанировать 29 апреля. Через 30 часов действия фонтан загорелся и только первого мая вследствие образования в скважине песочной пробки пожар прекратился. По приблизительным подсчетам фонтан этот дал 16.700 тонн нефти удельного веса - 0,866.

Первый грандиозный фонтан на Кара-Чунгуле выявил промышленную ценность района и окончательно решил его судьбу. Началась заявочная горячка и prošения о выдаче заявочных свидетельств на разведку в пределах Гурьевского, Темирского и Лбищенского уездов Уральской области в изобилии стали поступать в Самарско-Ураль-

ское управление земледелия. В 1911 г. было продано – 121 свидетельство, в 1912 – 1.788 и в 1913 – 2.564. В результате энергичной заявочной деятельности, в районе началась так называемая заявочная неразбериха, которая вызвала необходимость создания целого штата правительственных землемеров с горным инженером во главе.

Между тем, в 1910 г. Леман разошелся со Стахеевым и привлек для разведки района иностранный капитал, образовав Урало-Каспийское Нефтяное Общество (далее – УКНО). В этот период УКНО вело разведочные работы в Доссоре, Искине, Кара-Чунгуле и Каратоне. Большая часть скважин была пробурена ручным способом до небольшой глубины. На Доссоре Леманом до образования УКНО было пробурено три скважины.

Первая скважина была пробурена на западном берегу сора и обнаружила в белых меловых глинах и мергелях нефтяные

слои на глубине 47,5-50,0 м. и на 160-162 м. С глубины 47,5-50,0 нефть переливалась через край обсадной трубы, при этом собирали в сутки до 1,2 тн нефти. Вторая скважина была пробурена на восточном берегу сора около проведенной впоследствии скважины №5 на участке №10. Глубина скважины была 192 метра. По некоторым сведениям, эта скважина давала с глубины 42 до 1,3 тн нефти в день, с глубины 58,8 м до 1 тн, а с глубины 90 м. – около 1,7 тн. Третья скважина была задана на северо-восточном конце сора и пробурена до 168 метров, но нефти не встретила.

Наряду с Доссором УКНО бурило на Макате и Искине, однако бурение этих скважин не дало таких блестящих результатов, как в Доссоре. После неудачных попыток УКНО разведку на Искине приостановило. По-видимому, решили выждать результаты разведки, производившихся обществами «Эмба» и «Эмба-Каспий». Дальнейшее свое внима-

ние УКНО сосредоточило главным образом на развитии добычи нефти в Доссоре.

Недостатка средств на разработку эмбинских месторождений не было, так как кроме Урало-Каспийского и Эмба-Каспийского Обществ, образовался целый ряд новых юридических лиц: Западно-Уральское нефтяное общество, Урало-Эмбинское и ряд других менее значительных обществ. Перенесли свою деятельность в Урало-Эмбинский район общество «Колхида», ранее организованное для работ в Майкопском районе. Начало разведочные работы товарищество «Бр. Нобель». Эта фирма имела большую часть паев и общества «Эмба», благодаря чему управление этого общества находилось в руках товарищества «Бр. Нобель».

С этого момента начинается новый период разведочных работ в Зауральских степях. Буровые работы после 1911 г. стали вестись более интенсивными темпами, при этом наибольшее внимание было уделено Доссору, который в 2013 г. дал уже 117,6 тыс. тонн нефти. Приведем динамику разведочных работ. Если в 1911 г. количество пробуренных скважин составляло 1.160, в 1915 г. выросло до 6.290. Количество скважин в эксплуатации выросло с одной в 1911 году до 64 в 1915 г. Объем добытой нефти вырос с 18 тыс. тн. в 1911 г. до 271 тыс. тн. в 1915 г., из которых 159,5 тыс. тн. было добыто УКНО.

В то же время, как отмечалось позднее, благоприятные результаты первых работ в Доссоре и приток средств при обширности района с многочисленными месторождениями нефти должны были бы способствовать развертыванию разведочных работ в широком масштабе, однако нефтепромышленные фирмы, работавшие в Урало-Эмбенском районе уже с 1913 г. уделяли больше внимания добыче нефти и весьма мало поискам новых месторождений и разведке их глубоким бурением.

На тот момент, наибольшие разведочные работы были произведены нефтепромышленными обществами в Доссоре, Ново-Богатинске и Макате. В 1918 г. буровые работы велись лишь в весьма ограниченном размере в начале года, а затем были совершенно прекращены. 1918-1919 г. Урало-Эмбинский район был ареной гражданской войны и сообщение с остальной территорией молодого советского государства было прервано, в связи с чем в эти годы вывоз нефти с месторождений не производился и все емкости с нефтью были заполнены. Эксплуатация пробуренных ранее скважин была приостановлена в большей части в середине 1918 г. и к началу 1920 г. все скважины бездействовали. В связи с чем созданному управлению нефтяной промышленности Урало-Эмбинского района, преобразованного вскоре в государственное объединение – трест «Эмбанефть» первое время приходилось восстанавливать работы. Поскольку весь квалифицированный персонал был из числа приезжих, с началом гражданской войны большая его часть выехала из района, либо была эвакуирована казаками с про-

мыслов весной 1918 г. в Гурьев, а затем вывезена на рыбачьих лодках в Астрахань.

В первые годы после гражданской войны развернуть разведочные работы не удалось ввиду целого ряда факторов, среди которых отсутствие квалифицированных кадров и технического персонала, отсутствие воды, путей сообщения и мндр. В этих условиях промысел Макат был переведен на режим консервации, за исключением бурения начатой еще «Эмба-Каспийским обществом» скважины №119 на уч. №61 на Северном Макате. Остальные работы сосредоточились на Доссоре.

В эти годы трест «Эмбанефть» успешно решил вопросы снабжения нефтяных промыслов водой, устройство плотин вблизи Доссора для защиты от подтопления тальми водами и ливневых осадков. Было налажено сообщение Доссора с Гурьевом по узкоколейной железной дороге в 90 км. Революция также уничтожила исключительное право Уральского казачьего войска на р. Урал, благодаря которому в свое время нефтепромышленным фирмам с трудом удалось выстроить мост через реку и пришлось создавать пристань в Б. Ракуше. После революции в Гурьеве были построены пароходные пристани, однако из-за мелководья в устье русла Пароходы из Астрахани не всегда могли пройти в город и швартовались на старой пристани на Плотвинском базаре. В итоге, пассажирам приходилось с пароходов пересаживаться на мелко-сидящие барки, откуда на бударки, а затем на телеге добираться до берега, чтобы снова пересест на извозчика, который доставлял уже в город.

В 1924 г. было начато бурение на площади Тас-Кудук в 6-8 км. к северу от Доссора, где было намечено 2 новых купола юрских пород с признаками нефтеносности. В 1925 г. была начата разведка на юго-западе от Маката и в 1926 г. на площади Сагиз и Бек-Бике. В 1927 г. приступили к бурению скважин на Байчунас, Искине. Всего если в 1924 г. было пробурено около 300 м., в 1925 г. глубокое разведочное бурение было доведено до 1 966,3 м., а с января до май 1927 г. было пробурено уже 992,5 м.


До мая 1927 г. глубокое бурение велось старыми галийскими станками и старыми инструментами. Бурение шло медленно из-за устаревшего и часто ломавшегося оборудования. Выписанные новые станки и оборудование стали поступать в район только с начала навигации в 1927 г. В связи с растущими темпами буровых разведочных работ и применения нового оборудования, «Эмбанефть» в эти годы ставила задачей расширение района разведочной деятельности треста и в первую очередь обращала внимание на территорию Ново-Богатинска и побережья Каспийского моря к югу от р. Эмбы. Оба эти района были интересны по проявлениям нефтеносности, месторождение Ново-Богатинск было обследовано товариществом «Нобель», а обследование Каратона в тот период завершалось.

Лаура СУЛЕЙМЕНОВА  
(продолжение следует)

ТОВАРИЩЕСТВО  
НЕФТЯНОГО ПРОИЗВОДСТВА  
Братъевъ Нобель

Отдѣлъ Нефтяныхъ Земель  
и РАЗВЕДОЧНЫХЪ РАБОТЪ

Южно-Уральское Отдѣленіе.





## Ел бірлігі – басты құндылық

Сонау 1995 жылы халқымыз жалпыхалықтық референдумда дауыс беру арқылы еліміздің негізгі Заңын қабылдап, Қазақстанды зайырлы, құқықтық және біртұтас мемлекет деп жариялады. Сол уақыттан бері еліміз талай күрделі кезеңдерді өткерді. Жас Қазақстан мемлекетінің қалыптасу жолында Ата Заң тұрақтылық пен өркендеудің сенімді іргетасы, әрбір қазақстандықтың құқығы мен еркіндігінің кепіліне айналды.

Мемлекет басшылығының саясаты арқасында Қазақстанда ұлттар достығы, қоғамдық және рухани келісім, саяси тұрақтылық салтанат құрып отыр. Бұл – біздің қоғамымыздың ерекше құндылықтарын құрайтын конституциялық құрылымның басты негізі.

Биылғы жыл мұнай бағасының төмендеуі мен коронавирустық пандемиядан екі еселі қысымға ұшыраған мұнай-газ саласы үшін қиын болды. Бұған қарамастан, мұнай-газ секторы пандемиямен күресуде Атырау облысының халқына алғашқылардың бірі болып қолдау білдірді. Отанымыздың табысты және серпінді дамуына ембілік мұнайшылар да лайықты үлестерін қосып отырғанын бұқаралық ақпарат құралдарынан жиі көріп, естіп отырамыз. Өзіміздің қызметіміз арқылы еліміздің дамуына титтей болса да үлес қосу – біз

үшін үлкен мәртебе.

Барша қазақстандықтарды осынау айтулы мерекемен құттықтай отырып, облысымыздың әрбір тұрғынына отбасы амандығын, мықты денсаулық пен ашық аспан тілеймін!

**Әділжан ҚАДРАЛИЕВ,**  
**«Жайықмұнайгаз»**  
**МГӨБ Жаңаталап кен**  
**орны №3 мұнай-газ**  
**өндіру цехының бастығы.**



## Тәуелсіздіктің теңдессіз тартуы

Азаматтығымыздың айшықты айғағы болған Ата Заң – Тәуелсіздіктің теңдессіз тартуы. Бұл күн – халқымыз үшін аса қастерлі, ең ұлық мереке.

Ата заңымыз өркениетті мемлекеттің барлығына тән демократиялық қағидалармен толық қамтылып, бірлігіміздің тұрақтылығын, мемлекеттік құрылыс пен еліміздің тұтастығын бекітіп берді. Еліміздің жеткен жетістігі мен алған белесі осы тұғырлы Конституцияның

арқасында мүмкін болды. Бірлігі жарасқан қазақ елі аз уақытта айбары асқан қуатты ұлтқа, дәулеті тасыған күшті мемлекетке айналды.

Бұл орайда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Конституция – қазақ елінің өркендеуі мен өрлеуінің негізі» деген қанатты сөзі еріксіз еске түседі. Ата заңымызға деген ерекше құрмет – біздің сеніміміз бен күшіміздің қайнар көзі.

Конституцияда атап көрсетілген мемлекеттік басқару жүйесі негізгі реформаларды жедел қарқынмен жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Мемлекетке қажетті заңдар дер кезінде қабылданып, соның арқасында әлеуметтік-экономикалық қана емес, саяси жетілуге жол ашылды. Біз сияқты жас мамандарға үлкен қолдау көрсетіліп келеді. Қазақстанның даңқы бүгінде әлемге танылып, бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылу үшін қарышты қадамдар жасауда. Бүгінде еліміздің әлемдік қауымдастықта білікті де құрметті әріптестік деңгейіне көтерілгенін біз – жастар мақтанышпен айтамыз.

Біз тәуелсіз, еркін, гүлденген елде өмір сүрудеміз. Тұрақты жұмыспен, компанияның әлеуметтік қолдауы арқасында үлкен мүмкіндіктерге қол жеткізудеміз. Өзге аймақтармен қатар біздің Атырау облысы да тұрақты даму үстінде. Ұлтаралық татулығымыз нығая түсті. Осы жетістіктеріміздің барлығының негізгі діңгегі Ата Заңымызда жатыр. Баршаңызды осы айтулы мерекемен құттықтап, зор денсаулық, бейбіт өмір, отбасыларыңызға ырыс пен ынтымақ, бақ-береке тілеймін!

**Берекет ЕЛЕУЛИЕВ,**  
**«Қайнармұнайгаз»**  
**МГӨБ қабат қысымын**  
**сақтау операторы.**

## Шығармашылық байқау

# Кішкентай ембіліктердің бақытты балалық шағы

*Компания қызметкерлерінің балалары арасында ұйымдастырылған «Менің бақытты балалық шағым» атты дәстүрлі шығармашылық байқауы қорытындыланып, үздік шығармашылық жұмыстардың авторлары анықталды. Пандемияға байланысты «Менің бақытты балалық шағым» атты дәстүрлі шығармашылық байқауы биыл онлайн түрінде 26 мамыр – 3 тамыз күндері аралығында өтті.*



- Жас ерекшеліктеріне байланысты 5-15 жас аралығында балалар арасында өткен дәстүрлі байқауға 25 жұмыс түсті. Мұнайшылардың балалары шығармашылық жұмыстарында өздері туралы, мұнайлы Ембіде қызмет ететін ата-аналары, 1941-1945 жылдары болған Ұлы Отан соғысында жеткен Жеңіске ембілік мұнайшылардың - аға буын өкілдерінің қосқан үлестері, карантин кезеңінде уақыттарын қалай өткізгендері туралы баяндаған, - дейді **қазылар алқасының төрағасы, ЕМГ әлеуметтік саясат және инфрақұрылымдық нысандарды басқару жөніндегі департаментінің директоры Бибоз ШАЯХМЕТОВ.**

Байқауға ұсынылған шығармашылық жұмыстар қазақ және орыс тілдерінде, әртүрлі жанрда – мақала, репортаж, фоторепортаж, сурет, бейнеролик (телефонға түсіруге болады) түрінде дайындалған. Жас ерекшеліктерін ескеріп, 3 номинация бойынша байқауға түскен шығармаларды үш топқа топтастырылды. Айта кетейік, түскен еңбектерді саралап, үздікті анықтау мақсатында құрылған қазылар алқасы құрамына әлеуметтік саясат және инфрақұрылымдық нысандарды

басқару жөніндегі, қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаменттерінен, Қоғаммен байланыс қызметінен мамандар және «Жас мамандар кеңесінің» мүшелері кірді.

Қазылар алқасы байқауға түскен еңбектерді мазмұндарына қарай саралап қорытындысын шығарды.

**«Менің әкем/анам – Ембі мұнайшысы» номинациясы бойынша (11 жұмыс):**

10-12 жас аралығында жеңімпаз болып **Дильнұр Мақсот** (видео) танылды;

13-15 жас аралығында **Айғаным Дулатқызына** (видео) ынталандыру сыйлығы берілді.

**«Батырлар ерлігі – мәңгі есімізде» номинациясы бойынша (6 жұмыс):**

10-12 және 13-15 жас аралықтарында жеңімпаз болып **Арайлым Ерболқызы** (эссе, сурет) және **Ұлжан Аманқосова** (эссе, өлең) танылды.

5-9 жас аралығында **Бекарыс Мәлікке** (сурет) ынталандыру сыйлығы берілді.



**«Карантин бізге не үйретті?» номинациясы бойынша (7 жұмыс):**

5-9 жас аралығында **Назира Нұрғали** (видео) - I орынды, **Іңкәр Нұрлыбекқызы** (видео) II орынды жеңіп алды.

Байқау қорытындысымен жеңімпаздар Компания атынан сыйлықтармен, ал барлық қатысушылар мен ата-аналары Басқарма басшылығының атынан Алғыс хаттармен марапатталды.



# Мұнайшылар үшін спорт пен еңбек егіз

Асылы, адамның денсаулығын жақсартып, оның өмір жасын ұзартып, рухын асқақтатып, тәні мен көңілін сергек қылып, сымбатты әрі жинақы жүруіне септесетін құдіретті күш, бұл – спорт. Бүгінде компанияда адам үшін осыншама маңызға ие осы саланы дамытуға, жұмысшылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға барлық жағдайдың жасалып жатқаны көңіл қуантады.

Жуырда Спорт күні мерекеленді. Осыған орай, біз компанияның құрама командалары және еңбек пен бапкерлікті қатар алып жүрген әріптестеріміз жайлы әңгіме қозғамақпыз.

## «Ембімұнайгаз» АҚ баскетбол командасы



Команда ер жылдары «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының еншілес кәсіпорындары арасында өтетін турнирлерге қатысып, жетістіктерге жетіп жүр.

Команда құрамындағы 53 жастағы Жұмабай Молдашұлы - команда капитаны. Бұған дейін оқу орындарында дене тәрбиесі бойынша сабақ беріп келген әріптесіміз 2000 жылы «Құлсарымұнайгаз» МГӨ (қазіргі «Жылыоймұнайгаз») басқармасына орналасты. Сол жылы басқарманың спорт нұсқаушысы Бақтығали Айжігітовтің бастамасымен алғаш рет баскетбол командасы құрылды.

Сол жылы ембілік баскетболшылар Атырауда «Қазақойл» компаниясы ұйымдастырған жарысқа қатысып, жүлделі I орынды қанжығаларына байлады. Ал, 2012 жылы елордада өткен ҚМГ турнирінде Ембінің баскетбол құрамасы II орынды еншілеп, Ж.Молдашұлы турнирдің «Үздік ойыншысы» атанды. Бұдан кейінгі жылдары да құрама команда талай белестерді бағындырып, бірнеше мәрте қола, күміс жүлдегер атанды.

Бұдан басқа жеңіл атлетикамен, футбол, волейболмен де қатар айналысып, өзінен кейінгі жас мұнайшыларға салауатты өмір салтының нағыз үлгісін көрсетіп жүрген. Жұмабай Молдашұлы, сондай-ақ, ембілік ардагерлер командасының капитаны болып табылады.

Бұдан басқа, баскетбол командасы сапында Еркін Тұрабаев, Қуаныш Айтуғанов, Нұржан Нұрланов, Азамат Кауқенов, Тимур Қилаш, Берекет Елеулиев, Айдын Наурызбаев, Бауыржан Кунашев және тағы басқа әріптестер өнер көрсетіп жүр.

## «Ембімұнайгаз» АҚ ерлер кіші футбол командасы



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның кіші футбол командасы облыстағы футбол жанкүйерлеріне жақсы таныс. Команда 2012 жылы компания қызметкерлерінен құрылып, содан бері түрлі облыстық, республикалық, халықаралық турнирлердің, сондай-ақ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қызметкерлері арасындағы спартакиаданың жүлдегері және жеңімпазы атанды.

Атап айтсақ, 2013 жылы Атырау қаласы Жоғарғы лигасының қола жүлдегері, 2014 жылы – ҚМГ еншілес компания қызметкерлері арасындағы III спартакиаданың чемпионы, Атырау қаласы Жоғарғы лигасының чемпионы, «Олимп» халықаралық кубогының иегері (Атырау қаласы), 2015 жылы – футболдан Атырау қаласы чемпионатының күміс жүлдегері; ҚМГ IV спартакиаданың күміс жүлдегері, «Олимп» халықаралық кубогының күміс жүлдегері, С. Шотықбаев пен Н. Қуантыровты еске алуға арналған ЕМГ Кубогының күміс жүлдегері, ЕМГ Кубогының иегері атанды. Ал, 2016 жыл футболшыларымыз үшін табысты жыл болды – Атырау қаласы Премьер-лигасының қола жүлдегері, футболдан Атырау қаласы кубогының иегері, «Kafusa» Солтүстік Азия турнирінің қола жүлдегері, Атырау облысы әкімі кубогының иегері, Атырау облысының және Батыс Қазақстан әуесқойлар арасындағы футбол лигасы кубогының иегері. Ал, 2018 жылы Қазақстан біріншілігінің аймақтық кезеңінде топ жарды.

## «Ембімұнайгаз» АҚ әйелдер волейбол командасы

Ембіде әйелдер арасындағы волейбол командасы ҚМГ ұйымдастыратын спартакиадаға қатысу үшін 2004 жылы құрылды. Сол байрақты додада ембілік арулар «Өзенмұнайгаз», «Қаражанбасмұнай», АМӨЗ командаларын басып озып, жүлделі I орынды иеленді. Бұдан кейінгі жылдардағы мұнайшылар арасындағы спорт бәсекесінен әріптестеріміз олжалы оралып келеді. Соңғы жылдары елордада өткен жарыста II орын (2012 ж.), Жаңаөзенде – II орын (2013 ж.), Атырауда – II орын (2015 ж.), Астанада – III орын иеленіп, жүлдегерлер қатарынан табылып жүр.

Ал, өткен жылы топ арасында I орынды еншіледі.

- Біз жыл сайын мұнайшылар арасында спартакиада жарысын ұйымдастырып, республика көлеміндегі байрақты додаларға қатысуға мүмкіндік беретін Компания басшылығына алғысымызды айтамыз. Жарыс алаңында біз өзге компаниялар қызметкерлерімен танысып, араласып, тәжірибе алмасуға мүмкіндік аламыз. Командамыз жыл бойына біз бір отбасының адамдарындай жақын болып араласып кеттік. Осынау індеттен аман өтіп, әріптес-достарымызбен тағы спорт бәсекесінде кездесеміз деп сенеміз, - дейді команданың капитаны Ботагөз ИСТЕКОВА.



Алтынай Қалиевалар Ембіде ұзақ жылдар бойы еңбек етіп келе жатқанына қарамастан, спорт алаңында ҚМГ еншілес мекемелерінің, негізінен, жас мамандарынан құралған командаларынан еш қалыспай, ойынның соңғы минуттарына дейін жігері ойын өрнегін көрсетіп келеді.

## «Ембімұнайгаз» АҚ ерлер волейбол командасы

Ембінің волейбол командасы – Ұлттық компанияға қарасты еншілес кәсіпорындардың құрама командалары арасында ойып тұрып орын алатын, алдыңғы қатарлы құрамалардың бірі.

Компанияның әр өндірістік басқармасы жұмыскерлерінен жасақталған құрамасының құрылғанына 4 жылдай ғана уақыт өтті. Ал, бұған дейін ҚМГ еншілес мекемелері арасында өтетін додаларға компанияішілік іріктеу турнирінде топ жарған өндірістік құрылымдық бөлімше командасы республикалық жарыста Ембі намысын қорғап жүрді.

Команда ҚМГ спартакиадасының ақтық кезеңіне жолдамадан қағылмай келеді. Жарыс талабы бойынша команда құрамындағы ойыншылардың жас ерекшеліктеріне үлкен мән беріледі (тең жартысының жасы 40-тан жоғары болуы шарт). Команда құрамында Болат Әділғалиев, Құрал Әбденов, Мырзабек Сағынғалиев, Ризабек Баесинов (команда капитаны), Ержан Бердиев, Жәрдем Капиев, Айнұр Салиев, Жанболат Кисанов бар.

2019 жылы Атырауда Қазақстан мұнайының 120 жылдығына арналған «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы еншілес және тәуелді ұйымдары арасында спартакиадасының I тобының іріктеу кезеңінде топ жарып, Шымкентте өткен финалдық кезеңге жолдама алды. Бұған басқа команда Астана (қазіргі Нұр-Сұлтан) Қызылорда, Шымкент қалаларында өткен жарыс алаңдарына шығып, Ембінің намысын абыроймен қорғап жүр.



# Әлем чемпиондарын дайындаған ембілік мұнайшы

Тай боксы немесе муай-тай. Спорттың осы және каратэ түрін жанына серік еткен «Доссормұнайгаз» МГӨБ арнаулы көлік керуенінің жүргізушісі Мейрам ҒАЛИЕВ жас жеткіншектерді салауатты өмір салтына баулап қана қоймай, мұнай-газ саласында да абыройлы еңбек етіп, ел экономикасының дамуына үлес қосып жүр. Бүгінде кейіпкеріміз бен оның шәкірттерін әлем таниды. Бапкерлікпен айналысқан 19 жылдық еңбек жолында ол Доссордың кішкене залынан 3 халықаралық дәрежедегі спорт шеберін, 5 спорт шеберін, 2 Еуропа чемпионын, 2 әлем чемпионын, 1 Бүкіләлемдік ойындардың чемпионын, Әлем Кубогінің чемпионын, Азия чемпионын дайындап шығарған. Солардың қатарында Қазақстан намысын байрақты әлемдік додаларда асқақтатып



жүрген Еламан Саясатов, Әбіл Галиев, Ишан Галиев сынды мықты спортшылар бар. Спорт күніне орай біз әріптесімізбен спорт саласындағы жетістіктері туралы сөйлестік...

- **Галиевтер отбасын көпшілік спортшылар династиясы ретінде біледі. Осы саланы жаныңызға серік етуге не себеп болды?**

- Бала кезімнен спортқа қызығушылығым болды. Ағаларым да спортпен айналысқанымды қалады ол кезде тек еркін күрес болатын ауылда. Туған ауылым Доссор балаларын жастарын үйретіп мақтан ететін спортшылар шығарсам деген арманым болып сол кезде қалыптасты.

- **Сіз, сонымен қатар, ауданның да қарадомалақ балаларын да жаттықтырып жүрсіз. Жауапкершілік жүгі қаншалықты?**

- Әрине жауапкершілік оңайға тимегені рас бұрын спорттық тәрбиеде болмаған әр үйдің баласы үйрету оңайға соққан жоқ. Бірақ, тәртіп барлық спортшыға бірдей. Жаттығу кезінде мен оларды аясам, рингте қарсыласы аямайды. Спорт қатал болуды талап етеді. Барлығына да өз балаларыма қарағандай талап қоямын. Ең бастысы, «р адамның жеке қызығушылығы болуы керек.

- **Доссордың муай-тай мектебі – бүгінде елдегі мықты орталықтардың бірі. Облыс құрамасының басым бөлігін доссорлықтар құрайды. Осы орайда, Сізді облыс, республика көлемінде бапкерлікке шақыртулар болғанынан хабардармыз. Доссорда қалуға не себеп болды?**

- Туған ауылым Доссор балаларын жастарын үйретіп мақтан ететін спортшылар шығарсам деген арманым болды. Әр бапкер шәкіртінің құрама команда сапына кіргенін қалайды. Қазіргі таңда Доссор тайбокс секциясында төрт топқа бөлініп, жалпы 80 баладай жаттығады. Өз спорт жолынан бапкерлікке ауысқан ізбасарларым да баршылық. Оның ішінде өз ұлдарым да бар.

- **Енді өзіңіздің кәсіби қызметіңізге келсек. Мұнай-газ саласына қалай келдіңіз? Көп күш пен жігерді талап ететін қос жұмысты қатар алып жүру қиынға соқпай ма?**

- Мұнай-газ саласына 2001 жылы келіп, қазір қарашаңырақ «Доссормұнайгазда» көлік жүргізуші болып еңбек етіп келемін. Вахталық қызмет уақытымда өзімнің ізбасарым – үлкен ұлым Ислам Галиев балаларды жаттықтырып келеді. Ал, демалыс күндерімде спорт залда өзім жүріп, спортшыларыма ақыл кеңестерімді беріп отырамын. Екі қызметтің де алар орны өте зор. Ынта-жәгер, өз ісіне деген сүйіспеншілік болса, бірнеше саланы қатар алып жүру қиынға соқпайды.

- **Сұхбатыңызға рахмет!**



## Тұмау: ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздейік...

Ауа-райы суытқанда тұмауратқан адамдар көбейетіні мәлім. Тұмау – бұл ауа-тамшы жолдарымен жұғатын әртүрлі инфекциялардың жиынтығы. Эпидемиология институтының ғалымдарының деректеріне сүйенсек, Қазақстанда жыл сайын эпидемиологиялық кезеңде ЖРВИ-мен және тұмаумен шамамен 800 мыңнан 1 миллионға дейін адам ауырады екен. Ал, биылғы COVID-19 пандемиясына байланысты вирустық аурудың алдын алуға жіті көңіл бөлген жөн. Сондықтан, бүгін біз «Денсаулық» айдарында тұмаудың алдын алудың жолдары туралы айтпақпыз.

- Ең тиімді алдын алу әдісі – тұмауға қарсы вакцинасы;

- эпидемия кезінде адамдармен байланысыңызды мүмкіндігінше азайтуға тырысыңыз (қоғамдық көліктермен жиірек жүріп, қонаққа барудан бас тартыңыз).

- белменізді, үйіңізді жиі желдетіп, ылғалды түрде жиыстырып қойыңыз;

- мұрныңызға Интерфонды тамызып, 0,25 пайызды оксалин майымен майлап қойыңыз;

- сарымсақ, пияз, сонымен қатар, лимон, орамжапырақ, қара қарақат сияқты құрамында С дәрумені бар өнімдерді көбірек пайдаланыңыз;

- дұрыс тамақтаныңыз;

- таза ауада жүйелі түрде серуендеу, денешынықтырумен және спортпен айналысуды қолға алыңыз;

- тұмаумен ауыратын науқасты басқалардан алшақтауды ұмытпаңыз.

Тұмаудың негізгі белгілері – бастың ауруы, көзді басқа жаққа бұрып қараған кезде көздің ішінің ауруы, буың, бұлшық еттің ауруы, дененің әлсіреп ауруы, дене қызуының көтерілуі.

**Инкубациялық кезең** – 3 тәулікке дейін, орташа мерзім – 48 сағатқа дейін;

**Вирустың таралу жолы** – ауру басталған 2-3 күннен 7-10 күнге дейін.

**Тұмаудың емдеу жолдары:**

- Жатып емделу;

- дәрігерді үйге шақыру;

- жылы сусындарды жиі ішу;

- қызу көтерілген кезде парацетамол, эффералган, фервекс, терафлю т.б. дәрілерді ішу;

- тұмаудың алғашқы белгілері байқалған кезде басқаларға жұқтырмау үшін мүмкіндігінше үйден шықпау;

- медициналық бетперде киіп алып жүріңіз. Оны әр 3 сағат сайын ауыстыруды ұмытпау.



Түйе мінсең - көлік, саусаң - сүт, жүні – көрпе, шудасы тағы бар. Түйе сүті – шұбаттың адамға пайдасы зор екенін баріміз де білеміз. Мен Исатай ауданына қарасты Аққыстау ауылында тұрамын. Бала кезден нағашы әжемнің қолында әжемнің дайындаған сүт, айраны мен құрт-майын жеп, қой бағып өстім. Тұрмысқа шыққан соң да ата-енемнің арқасында төрт түлік малды баптап қалай күту керектігін үйрендім. Қазір жолдасым екеуіміз де жұмыстан тыс кезде өзіміздің кішкентай ғана мал шаруашылығымызбен айналысамыз. Түйе, сиыр сауып, май былғап, шұбат ашытып, құрт пен сүзбе жасаймын.

Түйе сүті емдік қасиеті жағынан аса жоғары бағаланады. Адам ағзасына пайдалы шөптердің дені құмда өседі екен. Ал түйе жануары үнемі құмда, сортаң жерде жүргендіктен, тұла бойы емдік қасиетке тұнып тұрады. Және түйе суға өте шыдамды, суды аз пайдаланғандықтан, оның сүті майлы болып келеді. Ақуыз бен минералдық заттар, дәрумендер көп. Түйенің сүті мен шұбаты сауылу кезеңіне, жыл мезгіліне, жақсы қоректенуіне қарай, түрі мен тұқымдық ерекшелігіне қарай үнемі өзгеріп отырады. Мысалы, айыр түйе мен нар түйенің өзіндік ерекшеліктері көп. Айыр түйенің сүті қою, шұбатының көпірігі бұрқырап тұрса, нар түйенің сүті сұйық,



шұбатының көпірігі аздау болады. Үлкендердің айтуынша, жас боталаған түйені алғаш сауғанда, шелек түбіне алтын сырға салып сауады. Ырымы солай екен. Сонда алғаш сауған түйе сүті тез бұрқырап ашып шұбатқа айналады. Оны жақсылап сапырып, бабына келтіреміз. Шұбатты бір қорландырып алғаннан кейін ешқандай ашытқысыз ашыта береміз. Оның да баптаудың өзіндік түрі бар. Шұбатты ағаш күбіге жинап сақтаған дұрыс. Күбіні де, алдымен шөптермен ыстаймыз. Біздің жақта құмда құртқа шаш деп аталатын жақсы шөп өседі. Сол шөпті жинап теріп, келтіріп алып қоямын. Күбінің ішін қойдың құйрық майымен майлап, құртқа шашты түтетіп, күбіні ыстап аламын. Ысталған күбіге шұбатты құямын. Ысталған бапты шұбат деп осындай шұбатты айтады. Дәмі жұмсақ келеді. Қуаты мен дәрумендік қасиеті мол, құрамында макро-микро элементтерге бай шұбаттың қазақтың халық өмінде өкпе, қант диабеті, асқазан ауруларымен қоса созылмалы түрлі дерттерге, әлсіреген ағзаны қайта қалпына келтіруге, иммунитет жүйесіне және көптеген емге пайдаланған. Әсіресе, шұбатты аздап қана жылытып жіберіп ішсе, өкпе дертінің барлық түріне шипа. Кемінде күніне тамақтан кейін 3 мезгілден ішіп тұрса, ағза көп қуат пен күш береді. Ыстықта қара көжеге шұбат қосып, шалап жасап ішсе, шөліңді қандыратын керемет сусын. Балаларыңызға газдалған сусынның орнына ішкізсеңіз, әрине, жақсы. Терлеп, тепшіп түйе сүтін қосып ішкен қою күрең шайының өзіне кәдімгідей сергіп қаласың. Түйе сүтінен жасалған қоңырқай құрттың да дәмі өзгеше болып келеді. Өзім балаларыма, отбасыма осындай табиғи өнімді қолданамын. Әрдайым үйге келген қонақтарыма да көбігін бұрқырата сапырып шұбатымды, құрт пен майды ұсынамын.

«Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» демекші түйе еті майлы болғанымен, холестерині аз жеңіл келеді. Сорпасы да ем.

Қазіргі дамыған заманда түйе сүті мен шұбатының емдік қасиетін Қытай елі де мойындап отыр. Олар түйе сүтін өңдеп, ұнтаққа айналдырып, ұзақ мерзімге сақтайтын зауыт ашуда. Сондықтан, бүгінгі таңда бәрімізді алаңдатып отырған мына жаман індеттен сақтану үшін осындай өзіміздің табиғи қолда бар өнімдерді пайдалануға кеңес беремін. Ауырмайық. Еліміз амаң, жұртымыз тыныш, ағымыз көп болсын.

**Нүргүл БЕГАЛИЕВА,**  
**«Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның**  
**мұнайды дайындау және айдау**  
**цехінің есеп жөніндегі технигі.**

### А Н Ы Қ Т А М А :

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Е.Қайыржанға қояр сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңыз болса, **blog\_emg@emg.kmger.kz** электронды поштасына жолдауларыңызға болады.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

**Меншік иесі:** «Ембімұнайгаз» АҚ

**Шығарушы:** қоғаммен байланыс қызметі

**Бас редактор:** А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

**Таралымы – 3500 дана**

**Редакцияның мекен-жайы:**

Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

**Хат-материалдарды төмендегі**

**мекен-жайға жолдай аласыздар:**

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77,

21-177. L.Suleimenova@emg.kmger.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21;

21-121. G.Karajanova@emg.kmger.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09,

21-309 A.Ertleuova@emg.kmger.kz

**Редакциялық кеңес:**

Қ. Қасымғалиев - Басқарма төрағасының

өндіріс жөніндегі орынбасары;

С.Нақпаев - Басқарма төрағасының

жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының

экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және

еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру

департаментінің директоры;

Ж.Мұханғалиев - еңбекті және қоршаған ортаны

қорғау департаменті директорының орынбасары;

Л.Сүлейменова - қоғаммен байланыс

қызметінің жетекшісі.

**Баспахана:**

«Ақ Жайық» ЖШС

Мекен-жайы: Атырау қ, Балғымбаев қ., 71А

Байланыс телефондары: 27-23-67

## Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.  
«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі.